

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,  
ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 1331 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 қарашада № 4974 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 418 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 29.03.2019 № 418 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) әкімдіктің осы қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жариялаған күнінен кейін оны Петропавл қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Тасмағанбетов

Петропавл қаласы әкімдігінің 2018 жылғы  
1 қарашасы № 1331 қаулысына қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Міндеттегі топтар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны									
	Балабақша		Бөбекжай-бақша		Дербес толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы жаңа күндік шағын-орталық	
	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке
Жалпы міндеттегі топтар	0	320	5135	1126	0	653 соның ішінде: 30 орын жарты күн болатын	960	0	14	0
Санаторлық топтар	0	0	0	170	0	0	0	0	6665	0
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	0	0	149	15	0	0	0	0	0	0
Бір айға арналған бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)										
Жалпы міндеттегі топтар		26612	26612	26612	0	26612 6665 орын жарты күн болатын арналған	25217	0	6665	0
Санаторлық топтар	0	0	0	35406	0	0	0	0	0	0
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	0	0	40066	40066	0	0	0	0	0	0
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бір тәрбиеленушіге бір айға ата-ана төлем ақысының мөлшері (теңге)										
		3 жасқа дейін - жасқа дейін -8754,	3 жасқа дейін - жасқа дейін -8754,	3 жасқа дейін - жасқа дейін -8754,		3 жасқа дейін - жасқа дейін -8754, 3				

Жалпы міндеттегі топтар		6 (7) жасқа дейін - 10947	3 жастан 6 (7) жасқа дейін - 10947	3 жастан 6 (7) жасқа дейін - 10947	0	жастан 6 (7) жасқа дейін - 10947	3 жастан 6 (7) жасқа дейін - 13118	0	0	0
Санаторлық топтар	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК